

"АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МӘКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

№ 5 ж. - 22 10 ЖҮРГІЗІЛДІ

КҮНДІК № 49424-1901-к-р

ДСН 157040018391

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы
Басқарушы кеңесінің
«16» сәуір 2015 жылғы № 16.10.15 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

«University Medical Center» корпоративтік қорының

ЖАРҒЫСЫ

Астана қаласы, 2015 жыл

1- бап. Жалпы ережелер

1.1. «University Medical Center» корпоративтік қоры (бұдан әрі- Қор) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі- Құрылтайшы) құрған қордың ұйымдастыру- құқықтық түріндегі коммерциялық емес ұйымы болып саналады.

1.2. Қор өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Назарбаев Университеті», «Назарбаев зияткерлік мектептері», «Назарбаев қоры» мәртебесі туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Акционерлік емес қоғамдар туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының өзге нормативті актілерін, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.3. Қор өзінің қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырады.

1.4. Қор қызметі шешім қабылдауда, әлеуметтік жауапкершілікте және ашықтықта дербестілік, өзін-өзі басқару, алқалық қағидаттарына сүйенеді.

1.5. Қордың атауы:

1) Қордың мемлекеттік тілдегі толық атауы: «University Medical Center» корпоративтік қоры, қысқаша- «University Medical Center»;

2) орыс тіліндегі толық атауы: корпоративный фонд «University Medical Center», , қысқаша - «University Medical Center»;

3) ағылшын тіліндегі толық атауы: «University Medical Center» Corporate Fund, , қысқаша - «University Medical Center».

1.6. Қордың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 53.

1.7. Қор өз қызметінің шектеусіз мерзімімен құрылған, Қазақстан Республикасының заң органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап заңды тұлға болып табылады, жеке меншігінде оңаша мүлігі бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асыра алады, сотта талап қояды және жауап береді.

1.8. Қор өзінің жеке меншігіндегі тиесілі бар мүлігімен өз міндеттері бойынша жауап беруге міндетті. Құрылтайшы Қордың міндеттері бойынша жауап бермейді. Қор Құрылтайшының міндеттері бойынша жауап бермейді.

1.9. Қор дербес теңгерімі, мөрі, мөртабандары, бланкілері және өз атауымен таңбасыз белгілері бар, белгіленген тәртіпте банктерде шот ашуға, сонымен қатар Қазақстан Республикасында, сондай-ақ шетелде шетелдік валютада шот ашуға құқылы.

1.10. Қор басқа заңды тұлғаларды құруға немесе құруға қатысуға құқылы.

2 - бап. Қор қызметінің мәні мен мақсаттары

2.1. Қор қызметінің мақсаты қауіпсіз, тиімді және, сапалы медициналық көмек көрсетуді, медициналық ғылым, білім және тәжірибе саласында заманауи технологияны әзірлеу, енгізу, әрі тарату болып саналады.

2.2. Қор қызметінің мәні:

1) заңды және жеке тұлғаларға медициналық көмектің барлық түрін, оның ішінде мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

2) медициналық қызметтер көрсету;

3) Қордағы медициналық технологиялардың апробациясы, енгізілуі және трансферті;

4) Қордың тәжірибесіне ауруханалық басқарудың, оның ішінде пациентке бағдарланған заманауи технологияларды енгізу, әрі Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау субъектілері деңгейінде осы технологиялардың таратылуына көмек беру;

5) Қор ұсынатын медициналық қызмет сапасына сараптама жүргізу;

6) Құрылтайшының денсаулық сақтаудың ықпалдасқан академиялық жүйесін (бұдан әрі- ДСЫАЖ) құру, әрі оны дамыту мақсатымен Құрылтайшының клиникалық және академиялық ұйымдарымен өзара қарым- қатынас және стратегиялық ынтымақтастық жасау;

7) дәлелді медицина нәтижелеріне негізделген емдеу хаттамаларын және диагностика әзірлеу және оларды енгізу;

- 8) денсаулық сақтау ұйымдарында заманауи және жоғары тиімді медициналық және басқару технологияларының таралымы және трансферті (табысталуы);
- 9) Қазақстан Республикасы тұрғындарының денсаулықтарын ерікті сақтандыруға, оның ішінде Қазақстан Республикасының белгіленген тәртібінде медициналық сақтандыру ұйымын құру арқылы қатысу;
- 10) денсаулық сақтау саласында, оның ішінде жетекші шетелдік академиялық орталықтар мен медициналық ұйымдармен стратегиялық серіктестікті қалыптастыру арқылы халықаралық ынтымақтастық орнату;
- 11) жеке және заңды тұлғалардан, қоғамдық және өзге ұйымдардан, оның ішінде Қор және/ немесе оның Филиалдары қызметтерінің мақсатын жүзеге асыру, әрі оған жету үшін шетелдік ұйымдардан қаржыларды (ерікті қайырымдылық, демеушілік қаражаттар, гранттар және т.б.) тарту;
- 12) халықаралық деңгейдегі зерттеу университеттерінде оқуға, ғылыми- зерттеу және кәсіби тағылымдамадан өтуге жолдау арқылы Қор және /немесе оның Филиалдарының жоғары білікті, әрі бәсекеге қабылетті қызметкерлерін мақсатты дайындауды қамтамасыз ету;
- 13) Қор және /немесе оның Филиалдарының жарғылық мақсаттарын орындауға және оған жетуге бағытталған жобаларын, шараларын, бағдарламаларын, оның ішінде демеушілік, қайырымдылық көмек түрінде қаржыландыру;
- 14) Қор және /немесе оның Филиалдарының инвестициялық саясатын жүзеге асыру, әрі Қор және /немесе Филиалдарының мұқтаж қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету міндеттерін шешу үшін нысандардың салынуын қаржыландыру және/немесе аяқталған және аяқталмаған құрылыс нысандарында тұрғын және/немесе елсіз құрылыс нысандарында тұрғын және/немесе елсіз жайларын сатып алу;
- 15) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы мүліктер мен медициналық техниканың клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық зерттеулерін жүргізуге қатысу;
- 16) жоғары білімнен кейінгі және қосымша медициналық білімді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, сонымен қатар қосымша білім беру және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламалары аясында білім беру қызметін жүзеге асыру;
- 17) үздіксіз кәсіби білім жүйесін енгізу, шетелдік мамандарды тарту арқылы шеберлік сыныптарын және оның ішінде ДСЫАЖ аясында шетелдік медициналық орталықтарда тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру;
- 18) денсаулық сақтау саласында, оның ішінде ИАСЗ аясында ғылыми- зерттеулерді жүргізу;
- 19) Қордың көп бейінділігі мен ғылыми әлеуетін ескере, ең өзекті ғылыми басымдықтар бойынша ғылыми- техникалық бағдарламаларды әзірлеу және/ немесе жүзеге асыру, Қордағы алынған ғылыми қызметтің нәтижелерін енгізу;
- 20) денсаулық сақтау ұйымдарында ғылыми әзірлемелер мен ғылыми зерттеулердің менеджментін енгізу;
- 21) сараптамаға жататын ғылыми- медициналық қызмет нысандарының ғылыми- медициналық сараптамасын жүргізуді ұйымдастыруға қатысу;
- 22) консалтингтік, ақпараттық- консультациялық және басқа қызметтерді көрсету;
- 23) ғылыми және әдістемелік, анықтамалық- ақпараттық әдебиеттерді (ғылыми еңбектер жинақтары ғылыми журналдарды, монографиялар және т.б.) әзірлеу, шығару және тарату;
- 24) форумдар, симпозиумдар, конференциялар, оның ішінде халықаралық деңгейдегі, әрі семинарлар, тренингілер және басқа оқыту шаралары, оның ішінде ғылыми- тәжірибелік шараларды ұйымдастыру және жүргізу;
- 25) Қор қызметкерлері мен пациенттеріне арналған дәрілік заттар мен дәрі-дәрмектерді сатудың дәріханалық жүйесін ұйымдастыру;

26) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы мүліктерді және медициналық техниканы сатып алу, сақтау және пайдалану, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғам қажеттілігі үшін экстемпоралды дәрілік түрлерді әзірлеу, оның ішінде есірткі заттарды, психотропты заттар мен прекурсорларды сатып алу, тасымалдау, сақтау, бөлу және жою, сондай-ақ радиоактивті заттек, құрамында радиоактивті және иондық сәуле шашатын зат бар құрылғы қондырғыны сақтау, пайдалану, әзірлеу, тарату, транзитті, ядорлық материалдар, радиоактивті заттектер, иондық сәуле шашатын радиоизотопты көздерді радиоактивті қалдықтармен бірге тасымалдау;

27) Қор қызметкерлеріне, келушілеріне және емделушілеріне арналған қоғамдық тамақтану нысандарын, алкогольды сусындар мен темекі заттарын сату құқығынсыз тамақ өнімдерін сату орындарын ұйымдастыру;

28) диагностикалық және емдеу аппаратурасын уақытылы метрологиялық бақылауды жүргізе медициналық және зертханалық техниканың, құрал- жабдықтың техникалық қызметі, жөндеуі;

29) санитарлық авиация әлеуетін пайдалана отыра, медициналық көмекті көрсету;

30) денсаулық сақтау нысандары мен оның инфрақұрылымының құрылысын және оны пайдалануды жоспарлау, жобалау және басқару бойынша шаралар әзірлеу, әрі жүзеге асыру;

31) денсаулық сақтау, ғылым және білім саласында нормативті- құқықтық базаны жетілдіруді әзірлеу және ұсыныстар дайындау.

3 – бап. Қор мүлігін жасақтау көздері

3.1. Қор мүлігін жасақтау көздері:

1) Құрылтайшыдан түсімдер;
2) ерікті мүліктік жарналар және жәрдемдер;
3) белгіленген заңдық жағдайларда тауарларды жұмыстарды, қызметтерді сатудан түсімдер (кірістер);

4) акциялар, құнды қағаздар, басқа бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынған дивиденттер (кірістер, сыйлықақылар (мүдделер);

5) басқа, Қазақстан Республикасы заңнамасы шектемейтін түсімдер болып саналады.

3.2. Оның Құрылтайшысының Қорға берген мүлігі Қордың меншігі болып есептеледі. Қор мүлігіне Қор Құрылтайшысының мүліктік құқығы болмайды.

4- бап. Қордың басқару органдарының құрылымы

4.1. Қордың басқару органдары:

- 1) басқарудың жоғарғы органы – Құрылтайшы;
- 2) басқарудың алқалық органы- Қамқоршылық кеңес;
- 3) атқарушы органы (алқалық) – Басқарма;
- 4) бақылау органы –Ішкі аудит қызметі саналады.

5- бап. Құрылтайшы

5.1. Қордың жоғарғы басқару органы Құрылтайшы болып табылады.

5.2. Құрылтайшының құзыретіне келесі міндеттер жатады:

- 1) Қор Жарғысын бекіту, оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізу;
- 2) Қорды өз еркімен қайта ұйымдастыру және тарату;
- 3) Қордың басқару органының құрылымын бекіту;

4) Қамқоршылық кеңестің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

5) Қамқоршылық кеңесі туралы ережені бекіту;

6) Ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;

7) Басқарма туралы ережені бекіту;

8) Басқарманың қаржылық есептеме ұсынудың тәртібін және мерзімділігін анықтау;

9) Қордың Ішкі аудит қызметін жүргізу тәртібін белгілеу және тексеру (аудит) қорытындысын бекіту;

10) Қордың есеп саясатын, ақпараттық саясатын, қауіпсіздік саясатын бекіту;

11) Қордың бос ақшаларын басқару саясатын бекіту;

12) Қордың лимиттерін және әкімшілік шығыстарының жекеленген түрлері нормативтерін бекіту;

13) Белгіленген заңнамалық актілер шегінде Қордың басқа заңды тұлғалар құруы және оның қызметіне қатысуы туралы шешімдерін қабылдау;

14) Қордың филиалдарын және өкілдіктерін құру;

15) Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес өзге шешімдерді қабылдау;

5.3. Құрылтайшы Қордың басқару органының құзыретінің бөлуіне қарамастан, Қор қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауды қабылдауға құқылы.

5.4. Құрылтайшы осы баптың 5.2. тармағы 1)- 4) тармақтарында белгіленген өкілеттіліктерді есептемегенде, Қордың Қамқоршылық кеңесіне өзінің өкілеттігін табыстауға құқылы.

6- бап. Қамқоршылық кеңесінің жасақталуы және оның отырыстарының өткізу тәртібі

6.1. Қамқоршылық кеңес Қордың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қорды басқарудың алқалық органы болып саналады. Қамқоршылық кеңесті Құрылтайшы жасақтайды.

6.2. Қамқоршылық кеңес қызметінің тәртібі осы Жарғымен, сонымен қатар Қамқоршылық кеңес туралы Ережемен реттеледі. Қамқоршылық кеңесі туралы ереже Қамқоршылық кеңес отырысында шешімдер қабылдау, дауыс беру тәртібін, төрағаны сайлау, комитеттерді құруды, Қамқоршылық кеңесінің хатшылығы- жұмыс органының қызметін, сонымен қатар Қамқоршылық кеңесі қызметінің өзге мәселелерін анықтайды.

6.3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттіліктерін белгілеу және тоқтатуды Құрылтайшы жүзеге асырады.

6.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттілік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

6.5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны кем дегенде 5 (бес) адамнан, бірақ 9 (тоғыз) адамнан көп емес құрамда болуы тиіс.

6.6. Қамқоршылық кеңес мүшелері кемінде 2 рет қатарынан Қамқоршылық кеңестің құрамына тағайындала алады.

6.7. Қамқоршылық кеңестің мүшесі қайтыс болу, қызметтен кету немесе өкілеттілігін тоқтату туралы шешім қабылдау жағдайында, осы бос қызмет орнын ауыстыру үшін сайланған мүше шығып кеткен Қамқоршылық кеңесі мүшесінің өкілеттілік мерзімінің жүзеге асырылатын қалған мерзіміне тең мерзімге тағайындалады. Кез келген келесі толық мерзімге қайта сайлау келешектегі қайта тағайындауға құқығын анықтау мақсатында Қамқоршылық кеңес мүшесінің бірінші толық өкілеттік мерзімі болып саналады.

6.8. Қамқоршылық кеңес отырысын өткізуге арналған кворум дауыс беруге қатысатын Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем емес санын құрайды.

6.9. Қамқоршылық кеңестің шешімі мүшелерінің отырысқа қатысқан санының жай көпшілік даусымен, егер осы Жарғымен, Қамқоршылық кеңес туралы ережелермен өзгесі қарастырылмаса, қабылданады.

6.10. Қордың Қамқоршылық кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Қамқоршылық кеңестің бір мүшесінің даусын басқа мүшеге немесе үшінші тұлғаға беруге болмайды.

6.11. Егер Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңес отырысына қатыса алмаған жағдайда, ол күн тәртібі бойынша жазбаша пікірін жолдау арқылы дауыс беруге құқылы.

6.12. Қамқоршылық кеңестің шешімі Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасымен немесе Қамқоршылық кеңесінің сырттай отырысы шешімімен рәсімделеді, әрі Қамқоршылық кеңестің Төрағасы және хатшысы қол қояды.

6.13. Қамқоршылық кеңестің шешімі осы Жарғыға, Қамқоршылық кеңес туралы Ережеге сәйкес, сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

6.14. Сырттай дауыс беру Қамқоршылық кеңес Төрағасының, Қор Басқармасы Төрағасының немесе Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы ұсынысты жазбаша түрде Қамқоршылық кеңес төрағасына енгізеді және дауыс беруге қойылған мәселелер айқын және мағынасы тұжырымдалған болуы тиіс.

6.15. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай үлгідегі дауыс беруге арналған бюллетеньдер және дауыс беруге енгізілген мәселелер бойынша материалдар дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап он күннен кешіктірілмей Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелеріне таратылады (үлестіріледі).

6.16. Бюллетень мазмұнында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсыну үшін соңғы күн; анық және мағынасы тұжырымдалған дауыс беруге қойылған мәселелер; «иә», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен берілген дауыс берудің нұсқалары, сонымен қатар Қамқоршылық кеңес туралы Ережеге сәйкес өзге де ақпараттың болуы тиіс.

6.17. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум бар болған жағдайда сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған деп танылады. Бюллетень түпнұсқа, электронды және/немесе факс түрінде ұсынылуы және қабылданылуы мүмкін. Белгіленген мерзімде ұсынылмаған бюллетеньдер дауысты санаған кезде есептелмейді.

6.18. Қамқоршылық кеңестің төрағасы, осы тармақтың екінші бөлігімен көзделген жағдайды есептемегенде, ашық дауыс беру арқылы Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатарынан отырысқа қатысушы мүшелерінің жалпы саны бойынша көпшілік жай дауыспен сайланады.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы осы тармақтың бірінші бөлігімен көзделген шарттарды сақтамай-ақ, Құрылтайшының шешімімен лауазымға сайлана алады және босатыла алады.

6.19. Қамқоршылық кеңестің Төрағасы Қамқоршылық кеңес отырысына төрағалық етеді, әрі осы Жарғымен және Қамқоршылық кеңес туралы ережемен көзделген қызметтерді жүзеге асырады. Дауыстар саны тең болған жағдайда, Қамқоршылық кеңесі төрағасының дауысы шешуші саналады.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы өзінің Қамқоршылық кеңестің төрағасының өкілеттігін Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне табыстауға құқылы.

6.20. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес тағайындайды. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің хатшылығының жұмысын ұйымдастырады, әрі Қамқоршылық кеңестің шешімімен өзге қызметтерді жүзеге асырады.

6.21. Қамқоршылық кеңес Қамқоршылық кеңестің комитеттерін құра алады.

6.22. Қамқоршылық кеңес, міндеті Қор және оның Филиалдары қызметкерлерінің олардың өтінішімен кеңес беру, еңбек дауларын шешу, әлеуметтік- еңбек сипатындағы шиеленіскен мәселелерді шешуге көмек беру, сонымен қатар Қор және оның Филиалдары қызметкерлерінің іскерлік этикасы қағидаттарын сақтау болып табылатын омбудсменді тағайындайды.

7- бап. Қамқоршылық кеңестің құзыреті

7.1. Қордың Қамқоршылық кеңесінің құзыретіне:

1) Басқарма Төрағасы және оның мүшелерін лауазымына тағайындау және босату, Басқарманың өкілеттік мерзімін, Басқарма төрағасы және оның мүшелерінің еңбек

ақыларының және сыйлықасының мөлшері мен төлеу шарттарын белгілеу, тәртіптік жазаны қолдану;

2) Қамқоршылық кеңестің комитеттерін жасақтау туралы шешім қабылдау, комитеттер туралы ережелерді бекіту, комитет төрағалары мен оның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар комитеттердің қызметтеріне бақылау жасау;

3) Қордың және оның Филиалдарының Стратегиясын бекіту;

4) Қордың және оның Филиалдары Стратегиясының жүзеге асырылуына бақылау (жыл сайынғы есептерін тыңдау);

5) Қордың Жарғысының өзгерістерін алдын- ала мақұлдау;

6) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің кандидатуралары бойынша Құрылтайшының ұсыныстарын ұсыну;

7) Қордың Кадр саясатын бекіту;

8) Қамқоршылық кеңес Хатшысының лауазымына тағайындау және босату, өкілеттік мерзімін белгілеу, еңбек ақыларының және сыйлықасының мөлшері мен төлеу шарттарын белгілеу, тәртіптік жазаны қолдану;

9) Қордың жылдық және/немесе орта мерзімді бюджетін бекіту, сонымен қатар оған түзетулер енгізу;

10) Қор мүлігін пайдалану туралы есепті бекіту;

11) жыл сайынғы қаржы есептілігін бекіту;

12) Қордың есеп саясатын алдын-ала бекіту;

13) Ішкі аудит қызметі мүшелерін лауазымына тағайындау және босату, өкілеттік мерзімін белгілеу және еңбек ақыларының және сыйлықасының мөлшері мен төлеу шарттарын белгілеу, тәртіптік жазаны қолдану;

14) 150 000 және одан жоғары айлық есептік көрсеткішті құрайтын сомаға мәмілені бекіту;

15) мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәмілелерді бекіту;

16) Қор қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу және ынталандыру туралы ережені бекіту;

17) Қордың тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережелерін бекіту, сонымен қатар оларға толықтырулар мен өзгертулер енгізу, жаңа редакцияда бекіту;

18) Қордың қызметін оның жарғылық мақсаттарына сәйкестілігіне бақылауды жүзеге асыру;

19) Қор Филиалдары/Өкілдіктері туралы ережелерді бекіту;

20) Қордың ішкі нормативті құжаттарының жіктеуішін бекіту;

21) Қазақстан Республикасы заңнамасына, осы Жарғыға, Құрылтайшының шешімдеріне және Қамқоршылық кеңес туралы ережелерге сәйкес өзге өкілеттіктер жатады.

7.2. Қамқоршылық кеңес Құрылтайшының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

7.3. Қамқоршылық кеңес Құрылтайшының Қамқоршылық кеңеске табыстаған өкілеттіліктерін есептемегенде, өзінің өкілеттігін Қор Басқармасына табыстауға құқылы.

8- бап. Басқарманы жасақтау тәртібі

8.1. Басқарма Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы органы болып саналады.

8.2. Басқарма Құрылтайшының және Қамқоршылық кеңестің шешімдерін орындайды, Құрылтайшыға және Қамқоршылық кеңеске есеп береді, әрі оған жүктелген міндеттемелердің орындауына олардың алдында жауапкершілікті арқалайды.

8.3. Басқарма қызметінің ұйымдастыру осы Жарғымен, Басқарма туралы ережемен және Қордың ішкі құжаттарымен реттеледі.

8.4. Басқарма туралы ережені Құрылтайшы бекітеді.

8.5. Басқарма құрамына Қордың басшысы, Филиалдардың басшылары, сонымен қатар Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қордың өзге лауазымдық тұлғалары енеді.

8.6. Басқарма төрағасы өзінің өкілеттілігін Басқарманың басқа мүшесіне табыстауға құқылы.

8.7. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен, Басқарма туралы ережемен, сонымен қатар Қордың олардың әрқайсысымен жасалған еңбек шартымен анықталады. Басқарма мүшелерімен жасалынған еңбек шартқа Қор атынан Қамқоршылық кеңес төрағасы немесе Қамқоршылық кеңестің осыған уәкілетті тұлғасы қол қояды.

8.8. Басқарма төрағасы және оның мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді орындауда, өзінің әрекеттері мен әрекетсіздіктерімен келтірген залалдарына Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік алады.

8.9. Басқарма отырысын өткізуге арналған кворум дауыс беруге қатысатын Басқарма мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем емес санын құрайды.

8.10. Басқарманың әр мүшесі бір дауысқа ие, Басқарманың шешімі егер осы Жарғымен, Басқарма туралы ережелермен өзгесі қарастырылмаса, отырысқа қатысушы мүшелердің санының жай басым дауыс беруімен қабылданады.

8.11. Дауыстар саны тең болған жағдайда, Басқарма төрағасының дауысы шешуші саналаты.

8.12. Басқарманың құзыретіне:

- 1) Қордың және оның Филиалдарының Стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру;
- 2) Қордың жылдық және/немесе орта мерзімді бюджетін әзірлеу, Қамқоршылық кеңеске бекітуге ұсыну, жүзеге асыру;
- 3) Қор құрған заңды тұлғалардың, Қор Филиалдарының және өкілдіктерінің қызметтеріне бақылауды жүзеге асыру;
- 4) Қордың есеп саясатын әзірлеу және жүзеге асыру;
- 5) Қордың және оның Филиалдары Стратегиясының жүзеге асырылуына бақылау (тоқсан сайын есептерді тындау);
- 6) Қордың құрылымы мен штаттық кестесін бекіту;
- 7) Қордың Филиалдарының/өкілдіктерінің құрылымы мен штаттық кестесін бекіту;
- 8) Іскерлік этика кодексін бекіту;
- 9) Қордың Қамқоршылық кеңесі бекіткен Қордың ішкі құжаттарының жіктемесіне сәйкес ішкі нормативті құжаттарды бекіту;
- 10) Басқарма жанындағы комитеттерді құру және олар туралы ережелерді бекіту;
- 11) Қор Медициналық кеңесі мүшелеріне өкілеттіктерін тағайындау және оны тоқтату;
- 12) Қордың Ғылыми кеңесі мүшелеріне өкілеттіктерін тағайындау және оны тоқтату;
- 13) Басқарма жанындағы комитеттердің мүшелеріне өкілеттіктерін тағайындау және оны тоқтату;
- 14) Қордың ішкі құжаттар жіктемесімен көзделмеген ішкі құжаттарды бекіту;
- 15) Осы Жарғыға және Қамқоршылық кеңестің ішкі құжаттарына сәйкес Қамқоршылық кеңестің, Қордың өзге органдары және/немесе лауазымдық тұлғаларының құзырына жатпайтын, Қордың қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын шешімдерді қабылдау және/немесе құжаттарды бекіту;
- 16) Осы Жарғыға, Құрылтайшының, Қамқоршылық кеңестің шешімдеріне, Басқарма туралы ережелерге және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес өзге өкілеттіліктер жатады.

8.13. Құрылтайшының, Қамқоршылық кеңестің құзырына енетін мәселелерден басқасы, басқа органдар мен Қордың лауазымды тұлғаларының құзырына енетін мәселелер бойынша шешімдерді уақытылы қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, Басқарма осы мәселе бойынша шешім қабылдауға немесе тиісті орган не Қордың лауазымды тұлғасының жаңа шешімді қабылдағанына дейін немесе жаңа ішкі құжатты бекіткенге дейін әрекет ететін Қордың тиісті ішкі құжатын бекітуге құқылы. Басқарманың жақында болуы мүмкін мерзімінде шешім қабылдағаннан соң немесе ішкі құжатты бекіткенінен соң осындай шешім немесе ішкі құжат тиісті органға не Қордың лауазымды тұлғасына қарауға табысталуы тиіс.

9- бап. Басқарма төрағасы

9.1. Басқарма төрағасы Басқарманы басқарады, Қор қызметтерінің мақсаттарына сәйкес, осы Жарғымен көзделген Қор қызметінің сапасына және тиімділігіне жауапкершілік алады.

9.2. Басқарма төрағасының құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен, Басқарма туралы ережелермен, сонымен қатар оның еңбек шартымен белгіленген. Қор атынан Басқарма төрағасының еңбек шартына Қамқоршылық кеңестің төрағасы немесе Қамқоршылық кеңестің осыған уәкілетті тұлғасы қол қояды.

9.3. Басқарма төрағасы келесі қызметтерді атқарады:

- 1) Басқарманы басқарады, оның жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Құрылтайшының және Қамқоршылық кеңестің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 3) барлық мемлекеттік органдарда, мемлекеттік және басқа, оның ішінде шетелдік ұйымдарда оның қызметіндегі барлық мәселелер бойынша Қор мүдделерін білдіреді;
- 4) үшінші тұлғалармен қатынаста Қор атынан сенімхатсыз әрекет етеді, оның ішінде Қор атынан 150 000 айлық есептік көрсеткіш сомасына мәміле жасайды;
- 5) 150 000 айлық есептік көрсеткіш сомасына мәміле жасауға Басқарма мүшелеріне сенімхат береді;
- 6) үшінші тұлғалармен қатынаста Қорды ұсыну құқығына сенімхат береді;
- 7) Қордың банктік және басқа шоттарын ашады;
- 8) Қордың штаттық кестесін бекітеді;
- 9) Филиалдар Директорларының орынбасарларын және Бас бухгалтерлерін тағайындауды мақұлдайды;
- 10) Филиалдар қызметкерлерін қабылдау және шығарып жіберуді есептегенде, Қор қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға ынталандыру шараларын қолданады, тәртіптік жазаны жүктейді. Қор қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді. Қордың штаттық кестесіне сәйкес Қор қызметкерлеріне лауазымдық жалақыларының мөлшерін бекітеді, Басқарма мен Ішкі аудит қызметі мүшелерінен басқа, Қор қызметкерлерінің сыйақы мөлшерін тағайындайды;
- 11) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 12) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сонымен қатар өкілдіктері мен жауапкершіліктерін бөледі;
- 13) бұйрықтар, өкімдерді шығарады, өзінің құзырына жататын өзге ішкі құжаттарды бекітеді;
- 14) өзінің құзыры шегінде Қор қаражатын пайдалануға оның жарғылық міндеттері мен мақсаттарына сай жеке жауапкершілік алады;
- 15) Қор құрған ұйымның жоғарғы басқару органы құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;
- 16) осы Жарғымен, Басқарма туралы ережелермен, Құрылтайшының және Қамқоршылық кеңестің шешімдерімен белгіленген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады;

9.4. Қамқоршылық кеңес Хатшысының еңбек шартына Қор атынан Басқарма төрағасы қол қояды.

9.5. Басқарма төрағасының шешімімен Басқарма мүшелеріне Басқарма төрағасының жекеленген өкілеттіктері табысталуы мүмкін.

10- бап. Ішкі аудит қызметі және оның құзыреті

10.1. Құрылтайшының белгіленген тәртібімен Ішкі аудит қызметі Қордың қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді және бақылауды (аудит) жүзеге асырады.

10.2. Ішкі аудит қызметі тікелей Басқармаға немесе Аудит жөніндегі комитетке (Қамқоршылық кеңес жанында оны құрған жағдайда) бағынады.

10.3. Ішкі аудит қызметінің құзыретіне төмендегілер жатады:

1) Қордың қаржылық- шаруашылық қызметін оның қызметінің қорытындысы бойынша тексеру және тексеріс қорытындысы бойынша Құрылтайшыға нәтижесін ұсыну;

2) Қордың басқару органдарының талабымен немесе жеке өзінің бастамасымен Қордың қаржылық- шаруашылық қызметінің барлық немесе жекеленген аспектілеріне тексерулер (аудит) жүргізу;

3) Қордың басқару органы мүшелерінің немесе лауазымды тұлғаларының Қордың қаржылық- шаруашылық қызметі саласында шешімдер қабылдау бойынша өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қор Жарғысымен және оның ішкі құжаттарымен көзделген талаптарын сақтауына бақылау жасау.

10.4. Ішкі аудит қызметі мүшелері Қамқоршылық кеңестің шешімімен лауазымға тағайындалады және одан босатылады.

10.5. Ішкі аудит қызметі мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін Қамқоршылық кеңес белгілейді.

10.6. Ішкі аудит қызметі мүшелерінің еңбек шартына Қор атынан Басқарма төрағасы белгілейді.

10.7. Қаржылық- шаруашылық қызметін бақылауды (аудит) Ішкі аудит қызметі және/немесе тәуелсіз аудиторлық ұйым жүргізуі мүмкін. Тәуелсіз аудиторлық ұйымның бақылауды (аудит) жүргізу тәртібі, құқықтары мен міндеттері шарттың негізінде белгіленеді.

10.8. Қордың қаржы қызметінің тексеруді Ішкі аудит қызметі және/немесе тәуелсіз аудиторлық ұйым кемінде 3 жылда бір рет жүзеге асырады.

11- бап Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

11.1. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Құрылтайшының шешімі бойынша енгізіледі.

12- бап. Қордың Филиалдары мен өкілдіктері

12.1. Қор Қазақстан Республикасы аймағында, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар құруға және өкілдіктерді ашуға құқылы.

12.2. Қордың Филиалдары мен өкілдіктері Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімі бойынша құрылады және жабылады.

12.3. Қордың Филиалдары мен өкілдіктері өздерінің қызметтерін Қордың Қамқоршылық кеңесінің бекіткен ережесінің негізінде жүзеге асырады.

12.4. Қор Филиалдарының директорлары Қор Басқармасы құрамына енеді.

12.5. Қордың Филиалдары/ өкілдіктерінің штаттық кестесі Қордың Филиалдары мен өкілдіктерінің Директорлары бекітеді.

13- бап. Қорытынды ережелер

13.1. Қордың қайта құрылуы, таралуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

13.2. Қор таралған кезде несиегер талаптарын толық қанағаттандырылғаннан соң қалған мүлік жарғы мақсаттарын орындауға бағытталады.

Құрылтайшының атынан немесе тапсырмасы бойынша:
Қайырбекова Салидат Зекенқызы



УТВЕРЖДЕН
Решением Управляющего совета
Автономной организации образования
«Назарбаев Университет»
от «16» октября 2015 года № 16.10.15

УСТАВ
корпоративного фонда «University Medical Center»

город Астана, 2015 год

Статья 1. Общие положения

1.1. Корпоративный фонд «University Medical Center» (далее – Фонд) является некоммерческой организацией в организационно-правовой форме фонда, учрежденной автономной организацией образования «Назарбаев Университет» (далее – Учредитель).

1.2. Фонд руководствуется в своей деятельности Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О статусе «Назарбаев Университет», «Назарбаев Интеллектуальные Школы» и «Назарбаев Фонд», Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

1.3. Фонд осуществляет свою деятельность в Республике Казахстан.

1.4. Деятельность Фонда основывается на принципах автономности, самоуправляемости, коллегиальности принятия решений, социальной ответственности и прозрачности.

1.5. Наименование Фонда:

1) полное наименование Фонда на государственном языке: «University Medical Center» корпоративтік қоры, сокращенное - «УМС»;

2) полное наименование на русском языке: корпоративный фонд «University Medical Center», сокращенное - «УМС»;

3) полное наименование на английском языке: «University Medical Center» Corporate Fund, сокращенное – «УМС».

1.6. Юридический адрес Фонда: Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район «Есиль», проспект Кабанбай батыра, 53.

1.7. Фонд создан без ограничения срока своей деятельности, является юридическим лицом с момента государственной регистрации в органах юстиции Республики Казахстан, имеет в собственности обособленное имущество, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и неимущественные права, быть истцом и ответчиком в суде.

1.8. Фонд обязан отвечать по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом. Учредитель не отвечает по обязательствам Фонда, Фонд не отвечает по обязательствам Учредителя.

1.9. Фонд имеет самостоятельный баланс, печать, штампы, бланки и эмблему со своим наименованием, вправе в установленном порядке открывать счета в банках, в том числе в иностранной валюте, как в Республике Казахстан, так и за рубежом.

1.10. Фонд вправе создавать или участвовать в создании других юридических лиц.

Статья 2. Цель и предмет деятельности Фонда

